

## Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 2534 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001.12.13. N 267 Заңымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 90-бабының

2-тармағына және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_

1-бабына сәйкес, қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

1. Мына күн Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі болып жариялансын:

25 қазан - Республика күні

2. Мына күндер Қазақстан Республикасының мереке күндері болып саналсын:

1-2 қаңтар - Жаңа жыл

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні

22 наурыз - Наурыз мейрамы

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

9-мамыр - Жеңіс күні

30 тамыз - Қазақстан Республикасы Конституциясының күні

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті